

Заңды тұлғаларға арналған құжаттама тізімі

№	Құжаттың атауы
1.	Принципал қол қойған және оның мөрімен (бар болуы жағдайында) куәландырылған банк кепілдігін алу өтініші
2.	Принципал қол қойған және оның мөрімен куәландырылған сауалнама <i>(қажет болған жағдайда)</i>
3.	Кредит тарихы субъектісінің келісімі
4.	Сатып алу аясындағы Келісімшарт/Шарт/Конкурстық құжаттама (барлық толықтырулары/өзгертулері ескерілген)/Кеден баждарын, салықтарды төлеу бойынша қамтамасыз ету сомасының есептелуін растайтын құжаттар (кеден декларациясы/кеден органының хаты/өзге құжаттар, есептеулер)
5.	Мемлекеттік электронды рұқсаттар мен хабарламалар тізілімінен алынған үзінді/лицензиялар/рұқсаттар (жүзеге асырылатын қызмет лицензиялануға тиіс/қызметті жүзеге асыру үшін рұқсат алу немесе хабарлама жолдау керек болатын жағдайлар)/ЖШС/АҚ қызметінің лицензияланбайтыны туралы арыз.
6.	Қызметін типтік жарғы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғаның тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы арызы/жарғысы, құрылтай келісімшарты (Жарғыда қатысушылардың жарғылық капиталдағы үлестерінің мөлшері мен үлестірілуі туралы ақпарат болмаған жағдайда)/ЖШС қатысушыларының тізілімі (ЖШС қатысушыларының тізілімін тәуелсіз тіркеуші жүргізген жағдайда)
7.	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлік/заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы анықтама/тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама
8.	Қолдардың және мөр бедерінің үлгілері бар құжат (бар болуы жағдайында)
9.	<u>Принципалдың қатысушысы(-лары)/акционері(-лері) заңды тұлға болған жағдайда:</u> Қызметін типтік жарғы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлғаның тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы арызы/жарғысы, құрылтай келісімшарты/құнды қағаздар ұстаушыларының тізілімі (үзіндісі) немесе орталық депозитарийдің есеп жүйесіндегі немесе құнды қағаздар ұстаушылары тізілімдерінің жүйесіндегі құнды қағаз ұстаушысының жеке шотынан үзінді, заңды тұлға органының (атқарушы органның, директорлар кеңесінің немесе басқа да уәкілетті органның) уәкілеттігін растайтын құжаттар
10.	<u>Принципалдың қатысушысы(-лары)/акционері(-лері) бейрезидент заңды тұлға болған жағдайда:</u> 1) бейрезидент елінің уәкілетті органы берген бейрезидент заңды тұлғаның мәртебесін куәландыратын құжат (сауда тізілімінен үзінді немесе шет елдің аумағындағы шетел заңды тұлғасының тіркелуіне растайтын басқа да құжат); 2) орналасқан елінің уәкілетті органы (тұлғасы, ұйымы) куәландырған бейрезидент заңды тұлға қатысушыларының (құрылтайшыларының, акционерлерінің, мүшелерінің) арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін құжаттар <i>Аталмыш құжаттар апостильденуге немесе заңдастырылуға және орыс тіліне аударылуға тиіс (аудармашының қолы нотариуспен куәландырылуға тиіс)</i>
11.	<u>Принципалдың қатысушысы(-лары)/акционері(-лері)/олардың өкілі бейрезидент жеке тұлға болған жағдайда:</u> 1) бейрезидент жеке тұлғаның жеке куәландыру құжаты <i>(аталмыш құжат апостильденуге немесе заңдастырылуға және орыс тіліне аударылуға тиіс (аудармашының қолы нотариуспен куәландырылуға тиіс))</i> 2) кіру, шығу және болу құқығын беретін, Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркелуді куәландыратын құжат (қолданылуы жағдайында)
12.	Қарыз алушының уәкілетті органының атқарушы органды тағайындау туралы шешімі, қарыз алушының атқарушы органын тағайындау туралы бұйрық
13.	Атқарушы орган жетекшісінің жеке куәландыру құжаты
14.	1) Принципалдың уәкілетті органының (акционерлерінің жалпы жиналысының/жалғыз акционерінің/директорлар кеңесінің/атқарушы органының) кепілдікті алу/кепілдіктің шығарылуына лимитті ашу және (Принципал кепіл берген жағдайда) міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде кепіл нысанасын беру туралы шешімі 2) (Кепіл беруші үшінші тұлға болған жағдайда) заңды тұлға болып келетін Кепіл берушінің уәкілетті органының Принципал міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде кепіл нысанасын беру шешімі, ондағы қолын(-дардың) түпнұсқалығы нотариуспен куәландырылуға тиіс.
15.	<u>Принципалдың атынан шарттарға бірінші жетекшісі болып табылмайтын тұлға (сенім білдірілген тұлға) қол қойған жағдайда:</u> 1) Заңды тұлғаның мөрімен куәландырылған, заңды тұлғаның бірінші жетекшісі қол қойған, заңды тұлғаның бірінші жетекшісі берген сенімхат; 2) Сенім білдірілген тұлғаның жеке куәландыру құжаты және (немесе) қызметке тағайындау туралы бұйрық
16.	<u>Акционерлік қоғамдардың жағдайында қосымша тәртіпте:</u> 1) (Банкпен мәміле жасау туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысымен/жалғыз акционермен қабылданған жағдайда) (қарыз алушының кредитті/банк кепілдігін алу мақсатында хабарласуы күнінен ерте болмайтын күндегі жай-күйге қарай) қарыз алушының жарғылық капиталындағы қарапайым акциялардың

	түпкілікті меншік иелеріне дейінгі қарапайым акциялардың он не одан да көп пайызына иелік ететін қарыз алушы акцияларының барлық меншік иелері туралы ақпаратты ашатын, қарыз алушының қарапайым акцияларының он не одан да көп пайызына иелік ететін акция ұстаушыларының тізілімі; 2) құнды қағаздар/жарияланған акциялар шығарылуының (эмиссиясының) мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік; 4) акцияларды шығару және орналастыру нәтижелері қамтылған есепті бекіту туралы мәліметтер; 5) жалғыз акционердің/акционерлердің жалпы жиналысының Директорлар кеңесін сайлау туралы шешімі; 6) (Банкпен мәміле жасау туралы шешім Директорлар кеңесінің құзыреттілігіне жатқан жағдайда) директорлар кеңесін таңдау туралы шешім қабылдау күніндегі жай-күйге қарай қарапайым акциялардың он не одан да көп пайызына иелік ететін акционерлер тізілімінен үзінді немесе акция ұстаушыларының тізілімі; 7) (Банкпен жасалатын мәміле ірі немесе мүддесі бар болған жағдайда) ірі мәмілені немесе мүддесі бар мәмілені жасау туралы мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қаржы есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында хабарламаны орналастырудың растамасы.
17.	<i>ЖШС жағдайында қосымша тәртіпте:</i> «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңында қарастырылған жағдайларда Банкпен мәміле жасау мәселелері бойынша қатысушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы ЖШС қатысушыларын хабардар ету/баспасөз басылымындағы жарияланымның растамасы.
18.	Қарыз алушының уәкілетті тұлғасының қолымен және мөрмен куәландырылған ЖШС және АҚ үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді қамтитын тізілім
19.	(Қолға табыстау жағдайында) ҚР салық органының қабылдауы туралы белгісі бар немесе (декларацияны электронды әдіспен тапсыру кезінде) серверге жеткізілгені туралы хабарламаны қоса тіркеумен соңғы 3 (үш) есептік кезең үшін корпоративтік кіріс салығы бойынша салық декларациясы/www.elicense.kz <i>порталынан алынған кәсіпкерлік субъектісінің санаты туралы анықтама (кепілдік лимитін/сомасын бекіту кезінде және кейіннен жыл сайын ұсынылады)</i>
20.	<i>Есебін бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жүргізетін кәсіпкерлік субъектілері бойынша:</i> 1) Қарыз алушы (соның ішінде үлестес компаниялар) қол қойған және мөрмен (бар болуы жағдайында) куәландырылған жоба бойынша талдау, қарастыру және шешім қабылдау мезетіндегі жай-күйге қарай берілген, соңғы есептік кезең және алдындағы 2 жыл үшін (компания 2 жылға дейін құрылып, жұмыс істеген жағдайда, қаржы есептілігі құрылу күнінен бастап қоса тіркеледі) қарыз алушының (соның ішінде, қаржы талдауын жүргізу жағдайында үлестес және байланысқан компаниялардың) ресми және басқару есептілігі (Теңгерім, Кірістер мен залалдар туралы есеп, Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп) (басқару есептілігі қаржы талдауын жүргізген кезде қолданылған жағдайларда) (Банктің ІҚ және ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларда қажет болмайды); 2) Соңғы тоқсан және алдындағы есептік жыл үшін теңгерім, кірістер мен залалдар туралы есеп баптарының түсіндірмелері, солардың ішінде: а) негізгі құралдар (үлкейтілген түсіндірме); б) дебиторлық берешек; в) кредиторлық берешек; г) басқа Теңгерім баптары (олардың меншікті салмағы 20%-дан асқан жағдайда); д) сатудан алған табыстың түсіндірмесі; е) өзіндік құнының түсіндірмесі; ж) сату кезіндегі шығындардың түсіндірмесі; з) әкімшілік шығындардың түсіндірмесі; и) өзге шығындар мен табыстардың түсіндірмесі (олардың меншікті салмағы 10%-дан асқан жағдайда) <i>ҚР заңнамасымен анықталған тәртіпте бухгалтерлік есепті жүргізудің және қаржы есептілігін құрастырудың оңайлатылған нысанын қолданатын шағын кәсіпкерлік субъектілері бойынша:</i> 1) салық органының қабылдауы туралы белгісі бар немесе серверге жеткізілгені туралы хабарламаны қоса тіркеумен соңғы есептік кезең үшін оңайлатылған салық декларациясы; 2) арыз беру күніндегі жай-күйге қарай (активтер мен пассивтердің күйін, қаражаттың қозғалысын (табыстардың түсуін және негізгі шығындарды) растайтын, қаржы нәтижелері туралы есеп) басқару есептілігі (бар болуы жағдайында); 3) талданатын күндегі жай-күйге қарай дебиторлық және кредиторлық берешектің түсіндірмелері (бар болуы жағдайында); Шетелдік валютада шығарылған кепілдіктер бойынша — түсетін кірістің валютасын және (немесе) валюталық тәуекелдерді хеджерлеу құралдарын анықтау мүмкіндігін беретін Принципалдың қаржы және өзге есептілігі Жеткізушілермен/тапсырыс берушілермен жасалған шарттар/келісімшарттар (бар болуы жағдайында), Қарыз алушының, оның дебиторларының/кредиторларының қолы қойылған және оның мөрімен куәландырылған, кредит өтінімін қарастыру күніндегі жай-күйге қарай өзекті болатын ірі дебиторлармен/кредиторлармен салыстырып тексеру актілері (бар болуы жағдайында)

21.	(Бизнестің маусымдылығына қарай) соңғы 3 ай/12 ай үшін айдың басындағы және аяғындағы кіріс және шығыс қаражат қалдығын көрсетумен қызмет көрсетілетін ЕДБ-ден шот(-тар) бойынша үзінді және айналымдар туралы анықтама
22.	Негізгі борыш бойынша қалдық мөлшерін, негізгі борыш бойынша кешіктірілген берешекті көрсетумен қарыз алушының кредиттері бойынша берешектің күйі жайындағы мәліметтер <i>Мәліметтердің күні қарыз алушы қаржыландыру өтінімін берген күнге дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын болуға тиіс.</i>
23.	Принципалдың салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндеттемелері бойынша берешегінің жоқтығын (барын) растайтын, ҚР салық органы берген тиісті қосымшамен/кезеңді қамтитын үзіндімен/салыстырып тексеру актісімен бірге Принципалдың салық берешегінің жоқтығы (бары) туралы мәліметтер, солардың ішінде «электронды үкімет» веб-порталы арқылы алынған мәліметтер. <i>Мәліметтердің/үзіндінің/салыстырып тексеру актісінің күні Принципал қаржыландыру өтінімін берген күнге дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын болуға тиіс</i>
24.	Кепілзатқа қатысты құжаттар (кепілзат болған жағдайда)
25.	Баға беру туралы есеп (кепілзат болған жағдайда)

Ескертпе: Тізім минималды болып келеді және, қажеттілік туындаған жағдайда, Банк қосымша құжаттаманы сұрау құқығын өзіне қалдырады.